



ҚҰТТЫҚТАУ

Құрметті аудан тұрғындары!

Сіздерді Қазақстан Республикасы Конституциясы күні мерекесімен шын жүректен құттықтаймын!

Биыл тәуелсіз еліміздің Ата заңы, Қазақстан Республикасы Конституциясының қабылданғанына 27 жыл толды. Еліміздің қасиетті көк байрағы желбіреп, тәуелсіз ел болған уақыттан бері Қазақстан биік те абыройлы белестерді бағындырып, әлемдегі алпауыт елдермен терезесін теңестірді.

Конституция мен тәуелсіздік – егіз ұғым. Конституция – Ел тәуелсіздігінің баянды болуының кепілі. Ата заң аясында қазақ халқының ұлттық намысы мен қадір-қасиеті оянып, орнықты, рухани құндылықтарымыз қайта оралды. Ғасырлар бойы қалыптасқан салт-дәстүрлеріміз мен төл мәдениетіміздің дамуына кең еріс ашылды.

Ата заңымыз ел бірлігін және адамның ар-ұжданы мен абыройына қол сұғуға болмайтынын негіздеп, кемсітудің кез келген түріне тыйым салу арқылы ұлтымызды ортақ мүддеге жұмылдырады. Осы басты ұстанымдар баға жетпес байлығымыз – ішкі саяси тұрақтылықты қамтамасыз етеді. Сондай-ақ Конституция мемлекеттілігіміздің берік іргетасын қалап, ішкі саяси тұрақтылықты қамтамасыз етуге және Қазақстан қоғамын біріктіруге зор үлес қосты.

Қазақ халқының ғасырлар бойы аңсаған арман-мұраттары – Конституциямызда жарияланған заң үстемдігі, құқықтар мен бостандықтардың мүлтіксіз сақталу қағидаттары, әлеуметтік кепілдіктер мен жалпы адамзатқа ортақ жоғары құндылықтар бүгінде жүзеге асып отыр.

Біз тәуелсіз, еркін елде өмір сүрудеміз. Өзге аймақтармен қатар біздің Сыр өңірі, оның ішінде Жалағаш ауданы да тұрақты даму үстінде. Ұлтаралық татулығымызға сызат түскен жоқ. Осы жетістіктеріміздің барлығының негізгі діңгегі Ата Заңымызда жатыр.

Сіздерді еліміздің ұлық мерекесімен құттықтай отырып, мерейлі мерекеде баршаңыздың отбастарыңызға аманшылық, дендеріңізге саулық, елімізге береке-бірлік тілеймін.

Тәуелсіздігіміз тұғырлы, еліміз еңселі, бірлігіміз бекем болсын!

Асқарбек Есжанов,
Жалағаш ауданының әкімі

ҚҰТТЫҚТАУ

Қымбатты еңбек және тыл ардагерлері!

Сіздерді Қазақстан Республикасының Конституция күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Бұл күн – халқымыз үшін аса қастерлі де ұлы мереке. Бүкілхалықтық дауыс беру арқылы қабылданған Ата Заңымызда бекітілген қағидаттар бүгінде өзінің өміршеңдігін дәлелдеп отыр. Еліміздің халықаралық қоғамдастықта лайықты орын алып, биік белеске көтерілгені осының айғағы.

Конституция бірлігіміздің тұрақтылығын, мемлекеттік құрылым пен еліміздің тұтастығын бекітіп берді. Әрбір қазақстандық келешекке көруен тартқан мемлекетіміздің тұрақты дамуының кепілі Конституцияның мемлекет пен қоғам үшін ғана емес, өзінің жеке басы мен отбасы үшін де маңыздылығын терең сезінеді.

Басты құндылықтарымыз Тәуелсіздігіміз, Келісім мен Бірлігіміз нығая берсін. Сіздерге мықты денсаулық, отбастарыңызға бақ-береке, ырыс пен ынтымақ тілеймін. Ел іргесі аман, келешегіміз кемел болсын!

Ізгі ниетпен,
аудандық ардагерлер
кеңесінің төрағасы С.Алиев

Аңдампа

Үлкендер жолы – ұлылық,
ұрпағы жүрер ұғынып

Жуырда Қызылорда облыстық ардагерлер ұйымының көшпелі семинары Жалағаш ауданында өткізілді. Аймақ әкімі, Жалағаш аудандық ардагерлер ұйымының атқарып жатқан жұмыстары өзге аудандардың арасында үздік деп танылып отыр. Семинардың негізгі мақсаты – мұндағы озық жұмыстарды ардагерлер ұйымына көрсетіп, тәжірибе бөлісу. Жалағаш ауданының «Тағзым» аллесаынан бастау алған семинар аудан әкімдігінің мәжіліс залында жалғасты. Алдымен жиынды ашқан аудан әкімі Асқарбек Есжанов әр ауданнан көш бастап келген ардагерлер ұйымының басшыларына ауданда атқарылып жатқан игі істерді баяндады.



Тәуелсіздіктің тірегі – Ата заң



Қазіргі Қазақстан мемлекетінің Ата Заңы – ғасырлар бойы қалыптасқан адамзат баласының жалпы құндылықтары, ата-бабаларымыздың ар-ұжданы мен биік парасатынан тұратын бірлік, тыныштық идеясын өз бойына сіңірген басты құжат. Еліміздің тәуелсіздігін алғашы ордалы отыз жылдан енді ассақ та, Қазақстан Республикасының Конституциясы әлемдегі ең үздік 50 Конституцияның бірі болып саналады. Дамуға бетбұрған егемен ел үшін, отыздыққа үміткер мемлекет үшін айбарлы Ата Заңның осындай дәрежеде болуы зор мақтаныш деп есептейміз.

Нұржамала АЛМАСҚЫЗЫ

Ата Заңның арқасында Тәуелсіз еліміз 30 жылда толайым табыстарға қол жеткізді. Ата Заңымыз бен ата дәстүрімізді жалғастырып келе жатырмыз. «Есім ханның ескі жолы», «Қасым ханның қасқа жолы», Тәуке ханның «Жеті жарғысынан» бастау алатын Ата Заң бүгінде басты құжатымызға айналды. Конституция – мызғымас мемлекетіміздің алтын қазығы, бірлігі мен ынтымағы жарасқан елдігіміздің айнымас бағдары, кемел келешегіміздің кепілі. Қысқа мерзімде Қазақстан халқы айбары асқан қуатты ұлтқа, дәулеті та-сыған мемлекетке айналды. Ортақ шаңы-рағымыздың шекарасын шегелеп, ірге-мізді мызғымастай етіп бекіттік. Тағдыр тоғыстырған тарих табыстырған түрлі ұлт өкілдері Ата Заң қағидаттары төңі-регінде топтасты. Еуразияның жүрегінде орналасқан елордамыз әлемге руханияттың ірі орталығы, санасаттың іргелі ордасы ретінде танылып отыр.

Биыл да еліміз аман жұртымыз тыныш 30 тамыз – Қазақстан Республикасының Конституциясы күні мерекесіне келіп жеттік. Мереке аясында Қ.Қазантаев атындағы аудандық мәдениет үйінде салтанатты шара өтті. Жиын барысында аудан тұрғындарына Қазақстанның сонау қилы заманнан бүгінге дейінгі бастан кешкен қиындығы, нәубеті, жеткен жетістігі мен бағындырған белесі баяндалған бейнекөрсетілім ұсынылды. Мұнан соң кеш қонақтарын айтулы мерекемен құт-тықтаған аудан әкімі Асқарбек Есжанов Ата Заңымыздың беделі мен маңызына тоқталды.

– Конституция мен тәуелсіздік – егіз ұғым. Конституция – Ел тәуелсіздігінің баянды болуының кепілі. Ата заң аясында қазақ халқының ұлттық намысы мен қадір-қасиеті оянып, рухани құндылықтарымыз қайта оралды. Ғасырлар бойы қалып-тасқан салт-дәстүрлеріміз мен төл мә-

дениетіміздің дамуына кең еріс ашылды.

Ата заңымыз ел бірлігін және адамның ар-ұжданы мен абыройына қол сұғуға болмайтынын негіздеп, кемсітудің кез-келген түріне тыйым салу арқылы ұлты-мызды ортақ мүддеге жұмылдырады. Осы басты ұстанымдар баға жетпес бай-лығымыз – ішкі саяси тұрақтылықты қам-тамасыз етеді. Сондай-ақ Конституция мемлекеттілігіміздің берік іргетасын қалап, ішкі саяси тұрақтылықты қамтамасыз етуге және Қазақстан қоғамын біріктіруге зор үлес қосты.

Қазақ халқының ғасырлар бойы аңса-ған арман-мұраттары – Конституциямызда жарияланған заң үстемдігі, құқықтар мен бостандықтардың мүлтіксіз сақталу қа-ғидаттары, әлеуметтік кепілдіктер мен жалпы адамзатқа ортақ жоғары құнды-лықтар бүгінде жүзеге асып отыр. Біз тәуелсіз, еркін елде өмір сүрудеміз. Өзге аймақтармен қатар біздің Сыр өңірі, оның

ішінде Жалағаш ауданы да тұрақты даму үстінде. Ұлтаралық татулығымызға сызат түскен жоқ. Осы жетістіктеріміздің бар-лығының негізгі діңгегі Ата Заңымызда жатыр. Сіздерді еліміздің ұлық мереке-сімен құттықтай отырып, мерейлі мере-кеде баршаңыздың отбастарыңызға аман-шылық, дендеріңізге саулық, елімізге береке-бірлік тілеймін.

Иә, бүгінде Ата Заңның арқасында еліміздің әрбір азаматы өзін тең сезінетін, татулығы жарасқан бірлігі бекем ел ретінде әлем жұртшылығы үшін үлгі-өнегеге ай-налды. Біздің елде адам құқықтары Конституция негізінде қорғалады. Ата заңымызда айтылған «Қазақстан Респу-бликасы өзін демократиялық, зайырлы, құ-қықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады» деген жолдары осы сөзі-мізді дәлелдейді.

Мерейлі мерекеге орай ішкі істер орган-дарының ардагерлері Қазақстан Поли-циясының құрылғанына 30 жыл толуына орай мерекелік медальмен, бірқатар сала қызметкерлері аудан әкімінің алғыс хатымен марапатталды.

Шара аудан өнерпаздарының мерекелік концертімен жалғасын тапты.

Егінжай – 2022

«Сәрке батыр» ЖШС ұжымы үшін биыл табысты жыл болғалы тұр. Былтыр да қамбасы астыққа толған серіктестіктің егіс алқабындағы өнімнің шығымы бітік. Жыл сайын ауыл шаруашылығы саласында өзіндік қолтаңбасын қалдырып жүрген бұл ұжымның ала жаздай күрішті күтіміне басымдық бергені көрініп-ақ тұр. Ауданда жергілікті шаруашылықтар ішінде бірінші болып биыл егінге орақ салған серіктестік бұйыртыса, қазан айының алғашқы онкүндігінде күзгі науқан жұмыстарын тәмамдауды межелеп отыр.

Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Иә, біз бұған дейін де жұмыс барысымен шаруашылықтың егіс алқабына бірнеше рет ат ізін салғанбыз. Жаз айларының ортасында мұндағы диқандар былтыр аяқ судың қат болғанын ерекше атап өткен еді. Биыл да күрішшілер бұл мәселемен бетпе-бет келген. Алайда сусорғыш насос орнату арқылы тығырықтан шығар амал тауыпты.

Өткен аптаның сенбісінде серіктестік ұжымы күрішке орақ салды. Ақсақалдардың батасымен басталған үлкен шарада аудан әкімі Асқарбек Есжанов шаруашылық ұжы-мына сәттілік тілеп, салаға аталған серіктес-тіктің сіңірген еңбегін ерекше атап өтті.

– Бүгін – ауданымыз үшін тарихи күн, тарихисәт. Өзәңсібімізді ауыл шаруашылығы саласынан көріп отырғанымыз бөрімізге белгілі. Жалағаш – ауыл шаруашылығы ба-ғытындағы аудан. Ауданның алғашқы ора-ғын осы «Сәрке батыр» ЖШС егісінде ба-саталы отырмыз. Жыл табысты, береке-лі болсын. Аудан бойынша биыл 35 486 гектарға егін орналастырылса, оның ішінде Сырдың негізгі дақылы 18 501 гектарға се-білді. Одан бөлек 720 гектар бидай, 445 гектар жүгері, 73 гектар қант құмайы, 5 гектар сұлы және бірнеше мың гектар ескі-жаңа

Ақсудағы алғашқы орақ



жоңышқамыз бар. Қазір ақеріс шашпай-төкпей жинап алынды. Ендігі межеміз – осы басты дақылымызды толықтай жинап алу. Әрине бұл – бірінші кезекте егінші, диқан қауымының еңбегі. Күн-түн демей, уақытпен санаспай, күннің ыстығында осы егінді баптап өсіріп, халықтың бере-кесіне, нәсібісіне айналдырып отыр. Қазір Жалағаш ауданы күзгі науқан жұ-мыстарына сақадай сай. Олай дейтін себебіміз 1 103 техника күзгі дала жұмыс-тарына дайын. Егін мол болсын, ел бере-келі болсын, қамба толсын. Еліміз, хал-қымыз үшін табысты жыл болсын, – деді Асқарбек Темірбекулы.

Мұнан кейін сөз алған сала ардагерлері мен қазыналы қариялар да серіктестік жұмысына сәттілік тілеп, олардың биыл да үлкен өнімге қол жеткізуде табанды еңбек еткенін ерекше атап өтті.

Айта кетейік, «Сәрке батыр» ЖШС биыл 1 501 гектар алқапқа егіс орналастырған. Оның 796 гектарына күріш егіліпті. Қазір 120 гектар егіс алқабындағы «Янтар» сурыпты Сыр салысының шығымы бітік. 700 гектарға жуық «Лидер» сурыпты күріш масағының да басы дөңге толы. 130 адамды жұмыспен қамтып отырған төрағаның көнілі тоқ, диқандардың да бойында мол өнім алуға деген сенім мол. Оған себеп те жоқ емес, өрине.

Шаруашылық төрағасы Ерлан Оңла-сынов жұмысшыларға жалақыдан бөлек қосымша сыйақы тағайындау дәстүрге айналғанын айтады. Әрине ол тек еңбек өнімділігімен, науқан соңындағы қоры-тынды нәтижемен бағаланады. Жыл сайын серіктестік ұжымына айлықтан бөлек жалпы құны 45 млн теңге сыйақы үлестіреді екен.

– Биыл күріштің шығымына қарап қуанып отырмыз. Былтыр да өнім жаман болған жоқ. Бірақ биыл одан да мол өнім алуға бел буып отырмыз. Аяқ су мәселесі былтыр болды, биыл да қайталанды. Бірақ ол тығырықтан шығар амал да таптық. Нәтижесін көріп отырсыздар, бұйыртыса, ендігі межеміз – осы астықты ысырап қылмай, қамбаға құйып алу. Тамыздың аяғында басталған күзгі науқан жұмыстарын 10 қазанда қоры-тындылаймыз, – дейді «Сәрке батыр» ЖШС төрағасы Ерлан Оңласынов.

Аптап ыстықта серіктестік диқан-дарының тынбай еңбек еткені көрініп-ақ тұр. Алқаптағы егістің шығымына көз сүйсінеді. Жандос Жазкен әріптесім айтқандай, тура бір жерге сары кілем төсеп қойғандай көрініс көз алдына келеді. Мұндайда елге айтар бізде де тілек бір, қамба астыққа толсын, ел ырысы ортаймасын.

ҚҰҚЫҚ

Сұхбат

Жалағашта қоғам тыныштығын күзетіп, қылмыстың алдын алуда аудандық полиция бөлімінің атқарған жұмыстарында нәтиже барын халықтың берген оң бағасынан-ақ аңғару қиын емес. Расында соңғы жылдары осыған дейін өсім алған бірнеше қылмыстың азайғаны, қылмыстардың дер кезінде ашылуы атқарылған жұмыста сапа барын білдіреді. Әрине мұнда барлық ұжымның өзіндік қолтаңбасы бары хақ. Ауданда қоғам тыныштығын күзетуде әлі де нендей шаралар қолға алыну қажет, былтырғы жылдың есепті кезеңімен салыстырғанда қылмыстың қай түрлерінде өсім бар, қарапайым халық алаяқтардың арбауына алданып қалмауы үшін қайтпек керек? Осы және өзге де сауалдарымызға жауап алу үшін аудандық полиция бөлімінің бастығы Талғат Лекеровпен сұхбаттасқан болатымыз.

Талғат Лекеров, аудандық полиция бөлімінің бастығы:

«Халықтың сенімі бәрінен жоғары»

– *Талаат Шоқанұлы, жалпы ауданда қоғам тыныштығыын тәулік бойы күзетуде өзіңіз басшылық ететін бөлімнің жұмысында сапа қалыптасқаны байқалады. Десе де бұған тоқмәйілімей, әлі де жұмысты ширатуға күш салуды мақсат ететіндеріңізді де жақсы білеміз. Жалпы ішкі істер органдарының қылмыспен күресте басым-бағыттары қалай, былтырғы жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда қылмыстың қай түрлерінде өсім бар және қай бағыттарында оң нәтиже байқалады? Алдымен өңгімемізді осы сауалдардың жауабымен бастасақ...*

– Алдымен барша отандастарымды бүгінгі айтулы мереке Қазақстан Республикасының Конституциясы күнімен шын жүректен құттықтаймын. Еліміз амаң жұртымыз тыныш болсын. Бүгінгі сұхбаттың да сөті осы айтулы мерекемен тұспа-тұс келіп отырғанына қуаныштымын. Ал енді сіздің сауалыңызға келсек, жалпы біздің қылмыспен күресте басым бағыттарымыздың бірі кезекші тәулікте қылмыстарды ізін суытпай ашу және қылмыстың алдын алу профилактикасы болып табылады. Биыл 7 айда орын алған қылмыстардың ізін суытпай кезекші тәулікте ашу жұмыстары 56,7 пайыздан 59,7 пайызға жақсарып, жалпы тіркелген қылмыстардың саны өткен жылмен салыстырғанда 2,5 пайызға төмендеді. Ал олардың ашылу көрсеткіші 72,2 пайызды құрап отыр.

Ауыр санаттағы қылмыстардың тіркелуі былтырғы жылдың тиісті кезеңімен бірдей болғанымен олардың ашылу көрсеткіші өткен жылмен салыстырғанда 70,8 пайыздан 72,2 пайызға жақсарды. Ал денсаулыққа қасақана зиян келтіру, қорқытып талап ету, бұзақылық, қарақшылық қылмыстарға биыл 7 айда жол берілген жоқ. Сондай-ақ мерзімі үзілген қылмыстар саны өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда еш өзгеріссіз болғанымен олардың ашылу көрсеткіші жақсарып отыр. Мал ұрлығы, пәтер ұрлығы, есірткі қылмыстарын анықтап, қылмысты ашуда да оң нәтиже бар.

– *Жергілікті полиция қызметі саласы бойынша профилактикалық шаралардың нәтижесі қалай?*

– Жалпы бұл бағытта атқарылған жұмыстар да өз жемісін беріп жатыр. Профилактикалық шаралардың арқасында көшеде, қоғамдық орындарда жасалған қылмыстар, бұрын сотты болғандармен жасалған, мас күйінде жасалған қылмыстар саны төмендеген. Сонымен қатар жергілікті полиция қызметі бөлімшесімен барлығы 2009 әкімшілік құқық бұзушылық анықталған. Оның ішінде ұнаскелік полиция инспекторларымен 1325 әкімшілік құқық бұзушылық анықталып отыр.

– *Ішкі істер министрлігінің «Құқық бұзушылыққа мүлдем төзбейшілік» қағидатын жүзеге асыру бағытында қандай жұмыстар атқарылып жатыр және оның нәтижесі қалай?*

– Бұл бағытта атқарылған жұмыста да оң нәтиже бар деп толық айта аламын. Былтыр ауданда анықталған құқық бұзушылықтар саны 773-ке жетсе, биыл бұл көрсеткіш 9,5 пайызға төмендеді. ҚР «Құқық бұзушылық профилактикасы туралы» Заңының талаптарына сай турмыстық ортада құқық бұзушылық жасаған адамдарға қатысты 52 қорғау нұсқамасы шығарылып, аудандық сотпен құқық бұзушының мінез-құлқына 10 ерекше талап белгіленген. Отбасы-тұрмыстық қатынастар саласында жасалатын қылмыстардың алдын алу, оған жол бермеу мақсатында ІІО-ның профилактикалық және тізімдік есебінде тұратын тұлғалармен үнемі профилактикалық жұмыстар жүргізіліп, нәтижесінде маскүнемдер есебінде тұратын еріксіз емдеу мекемесіне есепті мерзімде 3 азамат маскүнем ретінде танылып, аудандық сот арқылы 6 айға Қызылорда қаласындағы емдеу орталығына жатқызылып, 12 азамат маскүнем ретінде бөлімнің тізімдік есебіне алынды.

– *Учаскелік полиция инспекторларының жұмысына көңіліңіз тола ма?*

– Жалпы мен жоғарыда айтып өткен

нәтижелі жұмыстардың барлығында әріптестеріміңіз қолтаңбасы бар және олардың қатарында осы ұнаскелік полиция инспекторларының барын да жоққа шығармаймын. Әсіресе мені олардың өз ынтасымен қылмыс ашудағы жұмысында серпін бары қуантады. Мәселен, олардың биыл өз ынтасымен қылмыс ашуы 10 пайызға жақсарып отыр.

– *Жасөспірімдер арасында қылмыстың алдын алуда қандай жұмыстар атқарылуда?*

– Сіз айтып отырған ювеналды полиция саласы бойынша есепті мерзімде профилактикалық жұмыстар өз деңгейінде жүзеге асуда. Есепті мерзімде әртүрлі құқық бұзушылық жасағаны үшін 146 қоғамдық тәртіпті бұзушылық жасаған жасөспірім анықталып, олармен тиісті профилактикалық жұмыстар жасалды. ҚР ӘҚБТҚ-ның 442 бабының 2 бөлігімен 138 жасөспірімнің ата-анасына әкімшілік шара көріліп, қаңғыбастыққа салынып жүрген 5 жасөспірімді бейімдеу орталығына орналастырдық. Бұл тұста баланың болашағына ата-ана да тікелей жауапты екенін білген дұрыс. Барлық жауапкершілікті құқық қорғау органдарына артып қоюға тағы болмайды. Біз өзімізге артылған міндетті орындау жауапкершілігінен қашпаймыз. Бірақ ата-ана да дұрыс тәрбие беріп, біз заң тұрғысынан түсіндірме жұмыстарын жүргізсек, кез келген қылмыстың алдын алуда жол ашылады. Себебі жастар – біздің мемлекеттің болашағы. Сондықтан олардың, жалпы жасөспірімдердің арасында орын алатын қылмыстарға мүлде жол бермеуіміз керек.

– *Талаат Шоқанұлы, жалпы жол көлік оқиғалары былтыр да бірнеше рет орын алды, биыл да бұл жағдай қайталанып отыр. Әрине оның алдын алуда біршама жұмыстар атқардыңыздар. Осы тұста маман ретінде көлік тізгіндегендерге қандай кеңес бересіз?*

– Жалпы биыл 7 айда 14 жол көлік оқиғасы орын алды. Одан 16 адам дене жарақатын алып, 7 адам қаза тапты. Орын алған 14 жол көлік оқиғасының алтауы

«Шымкент-Самара» республикалық маңызы бар тас жолында, алтауы кентте екеуі Аққыр, Еңбек ауыларалық ішкі жолдарда орын алған. Жол апатының алдын алу бойынша республика тарапынан 6 рет түрлі іс-шара, өз тарапымыздан түрлі бағытта 9 рет жедел-профилактикалық іс-шара ұйымдастырдық. Жалпы көлік тізгіндегендерге айтарымыз, бастысы «Сақтансаң, сақтайды» дегенді әсіресе сол көлік тізгіндегендер қаперден шығармауы керек. Олар кей жағдайда тек өзінің ғана емес, бірнеше адамның өміріне зиянын тигізіп жатады. Сондықтан жолда жоғары жылдамдықтың, масан күйде көлік тізгіндеудің салдарын тауысып айту мүмкін емес.

Жаңа жоғарыда айтып өткен іс-шаралар нәтижесінде автокөлікті масан күйде басқарған 17 тұлға анықталып, оларға әкімшілік шара көрілді. Ал автокөлікті масан күйде қайта басқаруға қатысты 1 дерек анықталып, қылмыстық іс тергілеп, аудандық сотқа жолданды. Жол қауіпсіздігі бойынша қалыптасқан ахуалдың күрделенуінің бірнеше дәлелді-дәлелсіз себеп бар, олар бойынша тиісті кезек күттірмейтін көшенді шаралар қабылданып, жол көлік оқиғаларының алдын алуда жергілікті атқарушы органға нұсқамалар беріліп, 17 лауазымды иеге әкімшілік хаттама толтырылды.

Жалпы ауданның тыныштығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету бағытында халықтың сенімінен шығуа қолда бар барлық мүмкіндікті пайдаланып, жоспарлы түрде жұмыстар ұйымдастырылуда. Біздің мақсат – қылмыстардың алдын алу, орын алған қылмыстарды дер кезінде ашу, елдің тыныштығын тәулік бойы күзету. Бұл бағытта біршама жұмыстар атқарылып жатыр. Алдағы уақытта да елдің қажетіне, қоғам тыныштығына жұмыс жасай береміз. Біз үшін халықтың сенімі, талап-тілегіне жұмыс жасау бәрінен жоғары.

– *Сұхбатыңызға рахмет!*

Сұхбаттасқан Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Полицейдің бір күні



Ел қорғаны – тәртіп сақшысы

Елдің тыныштығы мен халықтың қауіпсіздігін қамтамасыз ететін полиция қызметкерлерінің жүктемесі көп, міндеті де ауыр. Сол себепті “полиция қызметкері – халықтың қорғаны” десек, еш қателеспейміз. Аудан тұрғындарының амандығы мен тыныштығы үшін күні-түні аянбай қызмет ететін сала қызметкерлерінің бір күні қалай өтетінін біз білеміз бе? Осы сұраққа жауап алу мақсатында тәртіп сақшыларының біркүндік жұмысын бірге атқаруды жөн көрдік.

Аудандық полиция бөлімінде жұмыс уақыты ерте басталды. Таң атысымен ғимарат ішінде тіршілік қылап жатыр, сірә үйреншікті жағдай болар, ұйқысын аша алмай, маузырап жүрген ешкім байқалмады. Қызметкерлер таңғы сағат 7.00-де кезекші бөлімнен қару алады екен. Содан кейін бүгінгі жұмыс күнінің міндеттері мен тапсырмалары беріліп, сағат жеті жарым шамасында саптық жиын басталды. Жиында міндетті бөліністерін айқындаған полиция қызметкерлері дереу жұмыстарына кірісіп кетті.

Бұл жолы әріптесім Созақбаев Ерлан екеуіміз АПБ Жергілікті полиция бөлімшесіне қарасты патрульдік полиция тобының қызмет инспекторы Нұрлыбек Жолдастың біркүндік кезекшілігіне түсіпміз. Орда бұзар жаста тұрған жігіттің бұл жұмыста келе жатқанына 7 жылдан асыпты. Өз ісіне деген жауапкершіліктің қандай боларын ол жақсы біледі. Қысқасы, бұл саладағы жұмыстың барлығы оған бес саусағындай таныс.

Бізде полиция қызметкерінің формасын киіп, аға лейтенант Нұрлыбектың «Нива» маркалы жұмыс көлігіне отыра кеттік. Әрине қобалжу бар. Полиция қызметкері дереу бізден қауіпсіздік белдігін тағуды талап етті. «Бүгін менің әріптесім екенсіз, сол себепті тәртіпті әуелі өзімізден бастағанымыз жөн», деген қызметкердің бір ауыз сөзі біз үшін жауапкершілікті одан бетер еселегендей болды.

Көлігіміз кент орталығына жол тартты. Дәуімбай елді мекенінде көлік саны аз ба, ереже бұзғандар кездесер емес. Әрине қуантарлық жағдай. Осы сәтті пайдаланып, полиция инспекторын өңгімеге тартуды жөн көрдік.

Нүрекеннің айтуынша, қазір кентте көлік саны көбейген. Сол себепті жол жүру ережесі жиі бұзылып жататын көрінеді. “Біздің негізгі мақсат – тек айыппұл салумен шектелмей, жүргізушілерге түсіндірме жұмыстарын жасап, мейлінше олардың қауіпсіздігіне жұмыс жасау” деп түйді ол өңгімесін. Әріптесімнен көп сөздің емес, істің адамы екені көрінді.

Кент орталығындағы базар маңына тұрақтап, кейіпкерім көлік қозғалысын реттеуге кірісіп кетті. Көлік қозғалысын реттеуде полицейлердің рөлі зор. Өйткені базар маңында таңертең көлік саны көбейеді, көлік жүрісі қиындай түседі. Сол сәтте көлік жүргізушінің жол белгі талабын орындамай тұрғанын байқап қалса керек. Қолындағы арнайы аппаратпен “Вольфсваген” автокөлігін тізгіндеген азаматтың сөл аялдауын сұрады. Осылайша жұмысымыз одан әрі қыза түсті. Амадасып, өзін таныстырған Нұрлыбек көлік иесінен көлік құжаттарын көрсетуді талап етті, құжаттары түгел екен, инспектор қолына плашетін алып, хаттама толтыра бастады. Хаттаманы толтырып болған соң, көлік иесімен белгі тұрған жерге

барып, түсіндірме жұмысын жүргізді.

Стадион алдындағы айналма жолдан өте бергенде тағы да “Вольфсваген” маркалы көлік назарымызға ілікті, бірақ түсі бөлек екен. Автокөліктегі дыбыс күшейткішпен көлікке оң қапталға аялдауды талап етті. Жүргізуші де дереу талапты орындап, көлік қозғалтқышын сөндірді. Дәл жоғарыдағыдай реттілікпен құжаттарын сұрады. Құжаттары түгел. Бір айыбы көлік жүргізушісі қауіпсіздік белдігін тақпаған, оған қоса көліктің жарық шамын жақпаған. Әрине заң бәріне ортақ, көлік иесіне заң талабын сақтай отырып, 2 хаттама толтырылып, ескерту жасалды. Түсіндірме жұмыстарын да назардан қалдырмады.

Араға 30 минут сала Дәуімбай елді мекеніне өтетін (тесік көпірден) өткенимізде “LADA” автокөлігінің ережені бұзып келе жатқанын байқадық. Біз де қырағылана бастадық па, жан-жақтағы көліктердің барлығын кезбен сүзгінде өткізіп келеміз. Әріптесім көлік тізгіндеген азаматқа оң қапталға тоқтауды талап етті. Тәртіп бұзған көлік иесіне “Қауіпсіздік өзіңіз үшін, сондықтан белдік тағып жүруді қаперден шығармаңыз” деп ауызша да, жазбаша да ескерту жасалды.

Нұрлыбектің айтуынша, жалпы жол қауіпсіздігін қамтамасыз етуге Жалағашта 3 полицей қызмет етеді. Күніне жүргенсіз көлік жүргізушілерге 10-нан аса

айыппұл салынатынын айтады. Демек, көлік жүргізушілер тарапынан жол ережесін сақтауға әлі де құлықсыздық басым деген сөз.

– Мен бала кезден полиция қызметкері боламын деп армандайтынмын. Тек армандап қана қоймай, осы маман иесі атануды мақсат еттім. Оқуымды бітіргесін «Кім боламын?» деп көп ойланбадым, дереу осы салаға жұмысқа орналастым. Жаман емес, шүкір, қызығы мен шығығы мол жауапты қызмет атқарудамын. Қызметте жүрген соң жұмыс барысында қойылған талаптарды уақытында орындауға міндеттіміз. Өйткені бұл – адам өмірі мен қауіпсіздігіне жауап беретін қызмет саласы. Сол себепті полицей қызметкері дене дайындығымен қатар психологиялық дайындықта жүруі қажет. Қызмет болған соң, әртүрлі оқыс оқиғалар, яғни көлік апаты, адам өлімі секілді жайттар орын алып жатады, – дейді полицей Нұлыбек Жолдас.

Әрине мұндай ете жауапты қызметке тәзу-аналышаруа емес. Себебі полицейлер де адам баласы. Оларда да жүрек бар екенін естен шығармағанымыз абзал. Қарбаласы мол біркүндік жұмыс күні аяқталғасын, қызметтік қару қайтадан кезекші бөлімге тапсырылды. Сырттай қарағанда форма киіп жүретін қызмет болып көрінгенімен, жоғарыда айтып өткеніміздей, бұл қызмет – жауапкершілігі мол жұмыс. Ең басты міндеттері – адам өмірі, тұрғындар қауіпсіздігі. “Қауіпсіз ортаны қалыптастыруда тек полиция қызметкерлері ғана жауапты” деген түсініктен арылып, қоғам болып сол жауапкершілікті сезінуіміз қажет деп санаймын.

Жандос ЖАЗКЕН

Погондағы журналист

Бүгінде полиция қызметкерлерінің қатарынан нәзікжандыларды көру таңсық дүние емес. Өйткені қазір қай салада болсын әйел адамдар бой көрсетіп жатады. Тіпті уақыт өткен сайын тәртіп сақшысы мамандығын жетік меңгерген қыз-келіншектердің қатары артуда. Қоғам тыныштығын күзету, оны асқан жауапкершілікпен атқару оңай емес екені бәрімізге белгілі. Бұл сала ішкі істер органы болғасын ерлер немесе әйелдер деп бөлінбейді. Ереже, тәртіп бәріне бірдей.

Қоғамның тұрақтылығы отбасынан басталады



Әр саланың, әр мамандықтың өзіне тән қызығы да, қиын тұсы да болады. Оны тек сол салада жүргендер ғана сезінеді. Дәлірек айтсақ, мамандық нағыз маманың, адам да сол сияқты өзінің бейіміне қарай жұмысын тапса ғана сол жолдың биігін де бағындырады, бедерінен де сүрінбей өтеді.

Жалпы біздің ауданда ер азаматтарға тән қызметті абыроймен алып жүрген нәзікжандылар баршылық. Олар ерлермен қатар елдің тыныштығын күзетіп жүрген полицей – қыздар. Солардың бірі – Жалағаш АПБ Жергілікті полиция қызметі бөлімшесінің әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау тобының инспекторы, полиция майоры Ұлбосын Ахметова.

Кейіпкеріміз полиция қызметкері болуды өзі таңдаған. Оқу орнын бітірген соң осы салаға қызметке келген. Бұған дейін кәметекке толмағандар істері жөніндегі аға инспектор қызметін атқарған Ұлбосын Жақсылыққызын өз ісінің шебері деуге болады. Сонау 2005 жылдан бері осы салада жүрген полицей қыз еңбек өтілінде көптеген қиындық пен сынақтан өткен. Біз әдеттегіше «Погондағы журналист» айдары бойынша бұл жолы халық қорғандарының біркүндік жұмысын көріп, оқырманға жеткізуді жөн санадық.

Таң азанымен ішкі істер саласының қызметіңді көлігімен, полиция қызметкерінің формасын киіп, әріптесім екеуіміз жұмысқа кірістік. Ұлбосын Ахметованың бүгінгі жұмысы ішкілікке салынуы себепті есепте тұратын және отбасында белгілі бір қиындық туғызып жүрген азаматтардың үйін аралап, түсіндірме жұмыстарын жүргізу болды. Сонымен іске кіріскен біздер кенттегі үш-төрт үйге аялдап, есепте тұрған азаматтарға түсіндірме жұмыстарын жүргіздік. Яғни қоғамның тыныштығы алдымен ербір шаңырақтың тыныштығынан басталатынын айтып, әлгі топтағы адамдарға құқық бұзу, ұсақ қылмысқа бару көбіне ішімдік ішуден болатынын түсіндірдік. Полиция майорының жұмысы тыңғылықты екені бірден байқалды, өйткені біз аялдаған үйдегі азаматтар Ұлбосын Жақсылыққызының айтқан түсіндірме жұмыстарына қанық екен. Олар да сөз арасында қоғамның тыныштығын бұзбауға және отбасының тұрақтылығын, берекесін сақтауда ешқандай ағартқысқа бармайсыз деді. Ал кейбірі заң аясында айтылған ескертулерді жаңдына ұстауға уәде берді.

Әрине мұндай тізімдегі адамдардың агрессивті, қызба және ашушаң болатыны да белгілі. Біз барған үйлердегі кей азаматтар полиция қызметкерлерінің айтқан сын-ескертулеріне құлақ түргенімен, жауап бергенде дауыс ырақтарынан, сөздерінің мәнерінен ашу-ызаның тәбі байқалды. Мұнан бөлек тәртіп сақшыларының міндеті көп-ақ. Аудан орталығындағы көтерме сауда дүкендеріне, кәсіпкерлік нысандарға да барып, түсіндірме жұмыстарын жүргіздік. Аса қырағылық пен үлкен жауапкершілікті талап ететін маман мөлерінің біркүндік жұмыс қадырт екенін білдік, көрдік, сезіндік. Бірақ үстімізге полиция қызметкерінің формасын киіп жүргенде бойымызда «Халық қорғанына» сай өжеттік, салмақтылық сынды қасиеттер оянып, өзіміздің жауапкершілік жүгін арқалап жүргенімізді ұғындық.

– Алғашқы кездері бұл қызметке үйрену оңай болмады. Бізде белгілі бір жұмыс уақыты біткенше ғана жұмыста болу деген жоқ. Түнде де жастарды бақылап, көшедегі тәртіпті күзетіп, рейдтерге шығып тұрамыз. Арасында түн ортасында да шақыртулар болып жатады. Осындай жағдайлар, қызметім мені қаттылыққа, ермінезді болуға тәрбиеледі. Фориа қиғеннен кейін халықтың қорғаны болуға, мықты сақшы болуға бейімделдім. Осы салаға көлгеніме 15 жылдан асыпты. Осы уақыт ішінде көптеген тәжірибеден өттім. Әйел заты болсам да, ең басты мақсатым қоғамдық тәртіпті күзету, азаматтардың құқықтарын қорғау деп ойлаймын. Сондықтан да ерлермен қатар қиындық болса да тәузеге тырысамыз. Өйткені бұл – менің қызметім, – деген Ұлбосын Ахметова кез келген маман иесі өз жұмысын жауапкершілікпен, адалдықпен атқаруға тиіс екенін де жасырмады.

Іа, расымен антына адал азамат болу үшін тек тәртіп сақшысына міндеттелген қағида емес, кез келген маман иесі өз саласының дамуына үлес қоса алатындай білікті болуға тиіс. Сонда біз Мемлекет басшысы айтқандай, «Жаңа Қазақстанды» құра аламыз.

Ұлбосын да ерлермен тең дәрежеде қызмет атқарып, өмірлік тәжірибесінде талай жетістіктерге де жетіп үлгерген. Жұмысына деген адалдығы, халыққа қалтқысыз қызметі еленіп, бірнеше мәрте марапат төрінен де көрініп жүр. Полиция қызметкерлерімен бірге осы саланың қыр-сырымен танысқан біз жай жүрмей, Ұлбосын Ахметовамен сұхбаттаса жүрдік. Әр отбасының тыныштығы мен әйелдердің құқығын қорғап жүрген полиция майоры Ұлбосын да осы уақытқа дейінгі атқарылған жұмыстарды, есепте тұратын азаматтарды айта кетті.

Оның сөзінше, осы жылдың 6 айында аудандық полиция бөлімінің жергілікті полиция қызметі бөлімшесінің әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау тобымен отбасындағы тұрмыстық қарым-қатынастағы құқық бұзушылықтардың алдын алу мақсатында біршама жұмыс атқарылған. Мәселен, аудан көлемінде 159 азамат маскүнем, 2 азамат педофил, 18 азамат бұрын сотты болғандар есебінде тұрса, нашаркор есебінде 17 азамат, пробация есебінде 29, қолайсыз отбасылар есебінде 5 отбасы, маскүнемдер есебінде тұратын еріксіз емдеу мекемесіне 2022 жылдың есепті мерзімінде 3 азамат маскүнем ретінде танылып, аудандық сот арқылы 6 айға Қызылорда қаласындағы мәжбүрлеп, еріксіз емдеу орталығына жатқызылып, 15 маскүнем жүргізілген профилактикалық түсіндірме жұмыстарынан кейін ерікті түрде 45 күнге Қызылорда қаласындағы емдеу орталығына орналастырылған. Сондай-ақ азаматтар жаппай жиналатын орындарда әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау мақсатында рейд жұмыстары да тұрақты түрде жүргізіліп тұрады.

Қазақстан полициясы – қашаннан халқымыздың берік қорғаны, тәуелсіздігіміз бен тұрақтылығымыздың сенімді тірегі. Әр аймақтағы полиция бөлімдері жергілікті жердегі құқық бұзушылықтардың алдын алуда, қоғамдағы қылмыстардың азайып, ел дамуына кедергі келтіретін олқылықтарды болдырмауда табандылық танытып, нәтижеге жұмыс жасауға күш салып келеді. Биыл – осы салаға ордалы отыз жыл Алаштың ардақтысы Әлихан Бөкейханов айтқандай, «Ұлтқа қызмет ету білімнен емес, мінезден». Ұлтқа қызмет етуді бар бітім-болмысымен, мінезімен түйсініп жүрген полиция қызметкерлері кешеп батырларымыздың ізін жалғаған бейбіт күннің батырлары екенін дәлелдеп келеді. Ендеше халық қорғандарына абырой, ал қоғамға тыныштық тілейміз.



Тәуелсіздікке қол жеткізу Қазақстанды дүние жүзіне танытатын үлкен тарихи оқиғалардың бастамашысы бола білді. Отыз жыл бұрын өзге елдің құрсауында болып, ғасырлар бойы азаттық үшін күрескен қазақ халқы өзінің мемлекеттік тәуелсіздігін жариялап, егемен елге айналды. Халқымыздың сан мың ұрпағы армандап, дамылсыз күресіп келген азаттықтың ақ таңы атты. Қысқа мерзімде Қазақстан халқы қуатты мемлекетке, әлем таныған алпауыт елдермен иық тіресе алатындай жағдайға жетті.

Ата-баба аңсаған егемендікке қол жеткізіп, мемлекеттік әлеуетті дамыта отырып, бүкіл халықтық референдуммен 1995 жылы 30 тамызда Ата Заңымызды қабылдадық. Оған дейін, яғни Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін 1993 жылы 28 қаңтарда өзінің алғашқы Ата Заңын қабылдаған болатын. Бірақ 1993 жылғы Конституция ескі әкімшілік, өміршілдік ережелеріне көбінесе кеңестік демократия қағидаларына негізделгендіктен, жаңа қоғам өмірінің талабына жауап бере алмады. Осыған орай 1995 жылы жаңа Конституция қабылданды. Ғасырлар тоғысында әлемдік өркениеттің шыңына ұмтылған Қазақстан халқы тарихи шешім қабылдап, жасампаз жаңа дәуірге қадам басты. Ата Заң біздің барлық жарқын істеріміздің қайнар бастауына айналды.

Жемісті жылдарда елдің тұрақтылығын, қоғамның қауіпсіздігін қамтамасыз етіп, тұрғындардың тыныштығына кепіл болатын Қазақстан полициясы құрылды. Быыл осы Қазақстан полициясының құрылғанына да ордалы отыз жыл толуда. Әр аймақтағы полиция бөлімдері жергілікті жердегі құқық бұзушылықтардың алдын алуда, қоғамдағы қылмыстардың азайып, ел дамуына кедергі келтіретін оқиылықтарды болдырмауда табандылық танытып, нәтижеге жұмыс жасауға күш салып келеді. Еліміздің мызғымас тыныш-



Ата заңым – айбарым

тығының баянды болуы жолында елеулі еңбек етіп жүрген халық қорғандарының да еңбегін ерекше атап өту керек деп ойлаймын.

Жалпы Конституциямыз – Қазақстан халқының саналы таңдауы, ол кемел келешектің кепілі. Саяси тұрақтылық, қоғамдық алға басушылық, өркениетті өрелі мемлекетіміздің құқықтық негізін қалаушы. Тәуелсіз елдің әрбір азаматы дүниежүзіндегі озық, өркениетті елдердің Ата заңдарымен пара-пар келетін, адам өміріне, бостандығына, ар-намысына қол сұғуға жол бермейтін Конституциямызды құрмет тұтуы қажет. Ата Заңымыздың қадір-қасиетін ұғына түсу үшін жыл сайын 30 тамыз – Конституция күнін атап өтеміз. Осы жылғы мерейлі мерекеге де басымыз амаң, бауырымыз бүтін күйде жетіп отырымыз.

Конституция қабылданғаннан бергі уақыттағы тарихи өлшемдер біз үшін бүкіл өткен жолымызды таразылап, ой елегінен өткізуге толық мүмкіндік беретін белгілі бір үлкен кезең болып табылады. Ол Парламенттің рөлін көтеруді, оның үкіметке ықпал жасау және бақылау

жасау тетіктерін жетілдіруді қамтамасыз етті.

Қазіргі кездегі Қазақстан нағыз шын мәніндегі бірден бір президенттік-парламенттік республикаға айналып отыр. Бұл істегі Конституцияның алатын орны мен ел өміріндегі атқаратын рөлі уақыт өткен сайын тұғырлана түсуде. Сондықтан да Конституция күні біз үшін қасиетті күн болу керек. Өйткені Ата Заңымыз – Қазақстанның әлемдік өркениетке қарай қарыштай қадам басуының алғы-шарттарын жасап берген жасампаз құжат. Қазақстандағы батыл жүргізіліп жатқан демократиялық реформалардың негізінде қол жеткізіп отырған жетістіктердің бөрінің қайнар көзі саналатын Қазақстан Республикасы Конституцияның тарихы келер ұрпақ үшін де құнды болуы тиіс.

Еліміздің бас құжаты – Ата Заңның мәңгілік, өміршең болуы елішіндегі бірлік пен берекенің тұрақтылығына тікелей байланысты. Көптеген ұлт пен ұлысты бір шаңырақ астына тоғыстырған қазақ елі дәл бүгінгі күндей татулықтың үлгісі болып қала беруі қажет. Ата-бабадан

жеткен аманатты сақтау, келер ұрпаққа табыстау және ұлтқа адал әрі батыл, саналы жастарды қалыптастыру бүгінгі буынның міндеті. Әр буын әр кезеңдегі сабақтастықты сезіне отырып, жауапкершілікпен орындаса онда ел болашағының жарқын, келешегінің кемел болары анық.

Айта кетейік, бұған дейін ел Президентінің «Жаңа Қазақстанды» құру жөніндегі қуатты ұсынынан соң ел ішінде ауқымды жұмыстар басталған еді. Ең алғашқы ел игілігі үшін қолға алынған жұмыс – Конституциялық реформа. Жер-жерде өткен түсіндірме жұмыстарының, құрылған жұмысшы топтың насихатының нәтижесімен референдумды оң көзқараспен қабылдадық. Қазақстандықтар бұл реформаның болашағымыз үшін не беретінін, қандай жетістіктердің бастауы болатынын және үлкен өзгерістердің алғашқы баспалдағы екенін әу бастан-ақ түсінді.

Ерлан СОЗАҚБАЕВ

Тарих

Ашаршылық жылдардың ақиқаты немесе әкемнің әңгімесі

Жиырмасыншы ғасырдағы жаңа қоғамның зұлматы алып одақты мекен өткен халықтардың күнкеріс тіршілігі, ұлттық ерекшеліктеріне, тұрмыс жағдайына қарамай, жекенің малын түрткіледі. Кеңес үкіметінің жүргізген саяси науқаны ортақ қоғамдық меншік дегенді бұрын-соңды көрмеген халықты ашаршылыққа ұшыратты. Бұл науқаншылық малмен күн көрген қазақ халқына ауыр тиді. Малдарынан айырылған қандастарымыз ашаршылыққа ұшарады. Тарихшы ғалымдар «1920-1929 жылдары 1 млн 200 мың адам көз жұмса, тек 1930-1933 жылдары 2 млн 279 мың адам аштықтан өліп, 1 млн-ға жуық қазақ шет елдерге кеткен. Қазақ даласындағы 40 млн малдан 4 млн ғана мал қалған» деген деректер келтіреді.

«Қазақ даласына Қазан төңкерісі соқпай өткен» деген Республиканың партия басшысы Голощекин елде жекенің малын төркілеп, қоғамға ұйымдастыру науқанын өте пәрменді жүргізді. Саяси науқанның белсенділігі сондай, бұл жұмыстар деревняларда шаруашылықтары басқалардан көш ілгері орталық Ресейдің аймақтарынан ұжымдастыру науқанын Қазақстан бұрын аяқтады. Бұл уақыт ұлтқа еکلген нәубет, аштық жылдары болды. Аузын арбадай ашып келген аштық өңірлер мен әрбір отбасын қамтыды.

Сол жылдары Сырдың орталық аймағын мекендеген біздің елдің халқы да ашаршылыққа ұшырап, бірсыпырасы отңүстікке, көрші елге ауды. Дегенмен іргелерін көтермей, «өзен жағалағанның өзегі талмайды» дегендей, дарияның, көлдердің балығымен, тоғайындағы аң-құсымен күн көріп, қиын уақытты басынан өткізген жайлы әкелеріміз айтып отыратын.

1932-1933 жылдардың қысы қатты суық, қары қалың болды. «Жұт жеті ағайынды» дегендей, жекелерден ұйымдастырылған қоғамдық малдар қора-қопсы, жем-шөптің жоқтығынан, бағып-күтіп жасаудағы тәжірибенің жетіспеуінен қырыла бастады. Сонымен малдарды серіктестіктердің мүшелеріне бағып, пайдалануларына бере бастады. Сол кездері халық ақыны Төлеубай Үркімбаевтың қоғамдық малға деген неміқұрайлықты сынап, «Социалистік Қазақстан» газетіне «Сатанның сары атаны» деген фельетоны шықты. Фельетонда сары атан Сатанның жеке меншігінде болған екі өркеші баладай, жүндері жылтыраған ойсылқараның аруанасы болғанын, оны пайдаланғандар өздерінің малындай күтім жасайтынын айта келіп, қоғамдық меншікке өткеннен кейін, «Сары атан» өркімнің жетегінде жүріп жүдеп-жадағанын, қыста ықтырма, жейтін шөп, жем жоқ, өлуге келгенін, белсенді бригадир Ноғайбаевтың қоғамның күш келігіне жұмсаудағы қатыгездігін сынап, өгесі Сатанға қайтарылғаны, атанның өгесіне айтқан зарын, қоғамда көрген озбырлығын, мұнын жазған болатын. Бұл фельетон құдіретінің арқасында Үкімет қоғамдық малдарды ұқымдастыру, оны пайдалану, күтім жасаудағы кемшіліктерін көріп-біліп, республика бойынша тексе-

рулер жүргізіп, бұл жұмысқа жаңаша бетбұрыс жасаған еді.

Қоғамдық малдардың қырылуы, жекеге қайта берілген малдардың күйсіздігі елді күйзелткенін жарықтық әкем айтушы еді. «Сол жылдары» деп әңгімесін жалғастыратын, «өздері ашаршылықтан қалжыраған елдің үстіне батыстаң сол-түстік жақтан отңүстікке бет алған адамдардың босқын топтары өтіп жатты. Олардың түрлері өте қорқынышты болатын. «Аштық не істетпейді!», аш не жепізбейді» дегендей, олар бас-көзге қарамай, үйлерге баса көктеп кіріп, қолдарына ілінгенді қомағайлана жеп, жұта беретін. Аштықтан, ұзақ жолдан денелері ісіп кеткен жандардың қандай адам екенін айыру мүмкін емес еді. Бас- көзге қарамай ұрсаң да, ештеңеден тайынып қорықпайтын. Осындай босқындардан қолдағы барымызды аман алып қалуға күш салатынымыз. Кейбіреулерінен «Қай жақтан басып келе жатырсындар, қандай ел боласындар?» деп сұрасақ, жауап бермейтін, сөзге сараң болатын. Олар үйлерге баса-көктеп кіріп, барыңа қара батпақша жабысатын, осындай әрекеттеріне қарап, оларды «Қара батпақтар» деп атап кеттік. Бұл сөз көшейі күнге дейін бір нәрсеге баса-көктеп жабылып жатқандарды біз жақта «қара батпақша жабылғандар немесе қара батпақша жабылындар» деген мағынада аталып кетті. Сөйтсек олар батыс пен төрістік жақтағы «Қаратөбе», «Қарабұтақ», «Қараетек», тағы басқа да қарамен аталатын елдерден ашаршылыққа ұшырап, отңүстікке, Сыр бойына ауған қазақтар екені» деген сөзін жалғастыратын әкем .

Әлі есімде, ауылдағы Бәймбет деген кісі жап-жас ерімдей екі қызды бір пұт тартыға айырбастап алып қалған еді. Кейін заман түзелгенде естідік. Сол бір пұт тары бір қауым босқындардың күніне жарап, ашаршылықтан аман алып қалыпты. Ал сол екі қыздан өрбіген ұрпақтар (аттарын атамай-ақ қойайын) ауданымыздың елді мекендерінде біздермен бірге өмір сүріп, тірілілік жасап келе жатқанын білеміз. Сол жылдардың қыс айы болатын. Таңертеңгілік шөйді ішіп отыр едік, есіктен кіре құлаған көрші жамағайын ағамыз менің атымды атап: «Бір жеті болды тіске басатын ештеңе жоқ, аштықтан бұралып, өлу халде жатырымыз, мынау сендердің



қыстау қора-қопсыларыңды айналып, қолыма не түсер екен деп шығып едім, қардан омылап әлім кетіп, осы үйге әрең жеттім. Мына шоқ шеңгелдің түбінде бір қоян қардан омылап, секеңдеп қоса алмай жүр, шырағым, өлтірмесен, соны маған атып бер, біздер түгелдей қырылатын шығармыз», – деп өкіріп қылпақ жіберді. Мен де мылтығымды алып, айтқан жеріне бардым, бір ор қоян қалың қардан омылап, секеңдеп жүр екен. Атып алып ағаға бердім. Ол алғысын жаудырып, батасын беріп, рахметін айтып, сорпа жасатыпты. Сол әкеміз кейін қартайған кезінде бас қосқан жерде әкемің сол жаксылығын «Әуелі құдай, екінші сол қаржының арқасында аман қалдық» деп үнемі айтып отыратын. Әкемің ағасы Қазы деген кісі сол жылдары аудан орталығы Қармақшыда қызметте жүргенде Ресейден мехзаводқа келген орыс инженерімен дос болып, әкеме «Берденко» мылтығын әкеліп берген екен. Содан ауылда мылтығы бар алғашқы аңшы болған кісі еді. Әкем жасаған жаксылығын көп айта бермейтін. Жаксылық іс жата ма? «Аштықта жеген құйқаның ауыздан дәмі кетпейді» дегендей, қолынан келгенінше айналасына жаксылығын жасауға дайын жүретін. Шапты құмылдайтын қарулы кісі болатын. Ауыл төңірегіндегі «Табан көл», «Астау көл», «Лайөзек», «Көкшіелі» көлдерінен балық аулап, аң-құс атып, аштыққа ұшыраған отбасыларына қам-қорлық жасағаны, халық аузында көшпегі күнге дейін айтылып жүрді. Кенекіз қариялар ертеректе «Көрімнің мылтығы, Байназар ұстанын балғасы күнімізге жарайды» деп отыратын.

Кейіннен әкем бастаған аңшылардың колхоздың жоспарын орындаудағы жұмыстары өз алдына өңіме.

– Есек демекші, сол есектер ашаршылық жылдары күнкеріске жарады. Бізде бір есек болды, – деп әңгімесін жалғастыратын.

Отын тасыдық, міндік, оны өшікп есепке алмайды. Күз түсе сол есегімді босатып жіберген болатынымыз. Уақыт қараша айы болатын. Сол есек үйге оралмады.

Бұл аштықтың араны ашылып тұрған кез еді. Оның үстіне елді «қара батпақтар» жайлап, «жығылғанға жудырық» дегендей, қорқынышты жылдар еді. Ашаршылық жылдары біздер қоңыр төбел өмір сүрдік. Оның қиындық көргеніміз жоқ. Сонымен қолыма мылтығымды алып, қоян қырауыл қарғайың, есегімді іздейін деп Тауланбай жаққа шығып кеттім. Серіктестіктің өккен бидай атызы болатын. Атыздың ата жабы ішінде бауыздалып, үстін сабанмен жапқан есегімді көрдім. Бөрің де ойластырып, қолдан жасаған «Бұны кімдер жасады екен?» деп үйге келіп, көшікісін іңір түсе мылтығымды алып, жаптың бойындағы қамыстың арасында аңдып отырдым. Менің жағымсыз өрекетімнен қорқып, ағам Дүйсенбай да соңымнан еріп, бақылаумен болды. Сондағы айтатыны: «Іт төлеуі – бір күшік» дегендей, бұны аштан өліп бара жатқан бір пақыр жасаған шығар. Ақыматтық жасама» деумен болды. Қараның түсе ауыл жақтан келе жатқан екі адамның сұлбасы көрінді. Олар өзара сөйлесіп «Осы жер емес пе?» деп есек жатқан жерге келіп, «міне» деп іске кірісе бастағанда дайын отырған мен мылтықты олардың басынан асыра атып жібердім. Мылтық даусы даланы жанғыртты. Осы кезде олар «Ойбай, Қарым аға, өлдік» деп өкіріп жылап, даланы басына көшірді. Біз де тұрып қасына бардық. Сөйтсек, ашаршылық жылдары ауылға келген ағайындардың жиендері екен. Пақырлар жылап-өңіреп, «Көшіре көріндер» деп аяғымызға жығылды. Сонда олардың айтқаны: «Ағалар-ай, аштық не жегізбейді, не істетпейді. Харамға да қол салдық қой» деп өңіреумен болды. Сонда Дүйсенке: «Жағдайларыңды айтып сұрасаңдар да беретін едік қой» деді. Біздің де көуліміз босап, «Сендерге бұйырған несібө шығар» деп үйге қатқан едік, – деп әкем әңгімесін аяқтаған едім.

Рысбай КӘРІМОВ, Жалағаш ауданының Құрметті азаматы, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі

Кеңес

Жалағаш ауданы Қоғамдық кеңесінің кезекті отырысы өтті. Кеңес отырысына Қоғамдық кеңес мүшелері, аудан әкімінің орынбасары Жасұлан Еспенбет, арнайы шақырылған сала басшылары және аудандағы мектеп директорлары қатысты. Отырысты кеңес төрағасы Оразбек Ахметов ашып, жүргізіп отырды.

Мәселеге мән берілді



Күн тәртібінде 3 мәселе қаралды.

Алдымен аудандағы білім ошақтарының жаңа оқу жылына әзірлігі туралы аудандық білім бөлімінің басшысы Талғат Садықов хабарлама жасап, қойылған сұрақтарға жауап берді. Апта бұрын Кеңес мүшелері кент орталығындағы және ауылдардағы мектептердің жаңа оқу жылына дайындығын пысықтау мақсатында барлық білім ошақтарын арнайы аралап шыққан болатын. Сол сапар барысында қырқүйек таяса да бейқам отырған кейбір мектептердегі мәселелерді Кеңес отырысында ортаға салып, ой-пікірлерін айтты.

Одан соң Жалағаш ауданы бойынша шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану құқығын беру жөніндегі конкурсқа шығарылатын жер учаскелерінің тізбесі мен орналасу схемалары туралы аудандық жер қатынастар бөлімінің басшысы Бабаназар Байболов хабарлама жасап, кеңес мүшелері тарапынан ұсыным берілді.

Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша Жалағаш индустриалды-аграрлық колледжінде аудан экономикасына қажетті ауыл шаруашылығы мамандарын даярлаудың барысы және олардың жұмысқа орналасуы туралы колледж директоры Ғани Серікбаевтың есебі тыңдалып, атқарылып жатқан жұмыстарға оң баға берілді.

Кеңес мүшелерінің ұсынысымен отырысқа арнайы шақырылған аудандық фитосанитария мекемесінің маманы Олжас Оспанбаев пен кент әкімі Мардан Жамалатовқа кенттің кейбір көшелеріндегі талдардың құрап, жапырақтарына құрт түсуіне байланысты қандай зерттеулер жасалып жатқандығы және оларды жоюға қандай шаралар қолданылуы қажеттілігі турғысында сауалдар қойылды. Аталған мәселеге қатысты атқарылып жатқан жұмыстар әлеуметтік желіде, аудандық баспасөзде жарияланып, халыққа түсіндіру жөнінде ұсыныс айтылды.

“ЖЖ” ақпарат



Апат айтып келмейді

Қазір таңда аудан халқы баллонға сығымдалған пропан, бутан газдары күнделікті тұрмыста ас әзірлеуге, үй жылытуға пайдаланады. Газды пайдалануда жіберген қателіктердің салдары адамдардың өмірі мен денсаулығына, үйіңізге үлкен апаттар әкеледі. Бір адамның ұқыпсыздығынан, қауіпсіздік ережелерін сақтамауынан көрші тұратын бірнеше отбасы қайғылы жағдайға тап болып, зардап шегеді. Қарапайым ғана ережелерді еске ұстамаған жандар орны толмас өкінішке ұрынып жатады.

ҚР-ның 2012 жылғы 9 қаңтардағы «Газ және газбен жабдықтау туралы» Заңына сәйкес автогаз құю станцияларында 2 мұнай газын тұрмыстық газ баллондарға құюға қатаң тыйым салынады.

Алайда, тұтынушылар өздерінің тұрмыстық газ баллондарына автогаз құю станцияларынан сұйытылған мұнай газын құйып қана қоймай, оған қоса құйылған газ қысымын нормалардан асыруды сұрайды. Газ баллонын салқыннан жылы жерге кіргізген кезде баллондағы газдың көлемі ұлғайып, қысымы еселенуіне әкеледі. Осының салдарынан газ баллонының түтігінен газ шығуы, тұтынушылардың газ иісінен улануы, тіпті жарылыс болған авариялық жағдайлар жиі көзdesуде.

Сондықтан да, оқыс оқиғаларды болдырмау мақсатында Жалағаш кенті мен елді мекендерінде сұйытылған газ нарығында газ таратушы газ толтыру станциялары бойынша халыққа қызмет көрсететін арнайы мамандандырылған рұқсаты бар газ тарату мекемелері мен қызметтерін пайдаланған жөн. Газ пайдаланушы қондырғылар жарамсыз болған кезде арнайы газбен жабдықтау ұйымының қызметкерін шақырту қажет. Газ балонын пайдалану орындарында от жағуға, темекі шегуға, ақаулы электр жарық шамдарын және электр құралдарын қосуға болмайды.

Құрметті аудан тұрғындары тұрмыстық газ баллондарын және қондырғыларын пайдаланғанда қауіпсіздік талаптарды мүлтіксіз сақтауларыңызды ұмытпаңыздар. Төтенше жағдай орын алған кезде 101, 112 телефон нөмірлеріне хабарлауды ескертеміз! Сонымен қатар Жалағаш ауданының Төтенше жағдайлар бөлімінде 31-2-07 сөнім телефоны жұмыс жасайтынын ескертеміз.

Жалағаш ауданының төтенше жағдайлар бөлімі



Семинар

Үлкендер жолы – ұлылық, ұрпағы жүрер ұғынып

Жуырда Қызылорда облыстық ардагерлер ұйымының көшпелі семинары Жалағаш ауданында өткізілді. Айта кетейік, Жалағаш аудандық ардагерлер ұйымының атқарып жатқан жұмыстары өзге аудандардың арасында үздік деп танылып отыр. Семинардың негізгі мақсаты – мұндағы озық жұмыстарды ардагерлер ұйымына көрсетіп, тәжірибе бөлісу. Жалағаш ауданының «Тағзым» аллеясынан бастау алған семинар аудан әкімдігінің мәжіліс залында жалғасты. Алдымен жиынды ашқан аудан әкімі Асқарбек Есжанов әр ауданнан көш бастап келген ардагерлер ұйымының басшыларына ауданда атқарылып жатқан игі істерді баяндады.



– Құрметті ардагерлер! Қасиетті, киелі Жалағаш ауданына қош келдіңіздер! Биылғы жылы ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуында оң тенденция қалыптасып отыр. Атап айтқанда, өнеркәсіп өнімінің көлемі 2 есеге, өңдеу өнеркәсібі – 167, инвестициялар тарту – 126,7, сауда – 101,8, ауыл шаруашылығының жалпы өнімі – 101, құрылыс жұмыстары – 104,3 пайызға және пайдалануға берілген тұрғын үйлер көлемі – 13,5 мың шаршы метрге артты.

Биыл Жалағаш ауданы бойынша 35 486,5 гектар жерге егіс орналас-тырылды. Оның ішінде негізгі дақыл күріш 18 501 гектарды құрайды.

Егінді өртарпаптандыру бағытында бидай 30 гектарға, жүгері 298 гектарға, арпа 12 гектарға, мал азықтық жойншыққа дақыл 1329 гектарға өткен жылдан артық егілді.

Сондай-ақ тәжірибелік мақсатта алғаш рет 73 га қант құмайы, 39 га соя, 5 га сұлы, 2,5 қант қызылшасы дақылдарын орналастырылды.

Сонымен қатар ауданда азық-түлік өнімдерінің бағасын тұрақтандыру мақсатында шаруашылықтардың егістік алқаптарынан жерлер дайындалып картоп, көкөніс, бақша дақылдарын орналастыру жұмыстары жүргізілді. Дайындалған 250 га жерлерге картоп, көкөніс, бақша дақылдары орналастырылып, күтімге алынды. Оның ішінде картоп 146 га, көкөніс 8 га, бақша дақылдары 96 га. Жаңадан дайындалған 250 га жер 802 отбасыға бөлініп берілді, – деген өңір басшысы ауданда атқарылып жатқан мұнан өзге де жұмыстарға тоқталды. «Бүгінгі таңдағы ең басты мәселе – елдің бірлігі. «Бірлік болмай, тірлік болмас» деген бірлік бар жерде ғана табысты жұмыс болады. Сондықтан қандай басыны келсе де алдымен сол елдің бірлігіне мән берер едім деп ойлаймын. Елде бүкіл саналы ғұмырын туған жерді көркейтеу, түлетуге арнаған ардагер, ақсақалдар бар. «Қарты бар үй – қазыналы» дегендей, бұл өкелеріміз бен ағаларымыздың өмірлік тәжірибесі бізге керек. Сондықтан ардагер-ақсақалдардың орны ердайым төрде» деп өз сөзін түйіндеді.

Мұнан соң сөз алған облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Серік Дүйсенбаев бүгінгі өткізіліп жатқан семинарға сәттілік тілеп, талай дүлдүлдер мен зиялы, құрметті азаматтарды тәрбиелеген құтты мекенде қазыналы ақсақал аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Садық Әлиевтің ұйымдастыруымен өтіп жатқан шаралардың келер ұрпаққа берер өнегесі мен есiet мол екеніне тоқталды. Сол озық тәжірибені әр

ауданға таратуға негізделген бүгінгі семинардың елге берері көп екенін жеткізді.

Келесі кезекте аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы С.Әлиев ардагерлер ұйымының белсенділігімен ауданда жүзеге асырылып жатқан жұмыстарға тоқталды.

Жалағаштық ардагерлер салауатты өмір салтын ұстануда да алдына жан салмайды. Түрлі жарыстар, спартакиадалар, табиғат аясында балық аулау да олардың бос уақыттарындағы хоббиі. Бүгін де семинар қонақтары сондай кезекті ауданға қарасты ауылдар арасындағы Х дәстүрлі спартакиаданың куәсі болды.

Айта кетейік, спартакиада аудандық ардагерлер кеңесінің ұйымдастыруымен 2011 жылдан бері тұрақты өткізіліп келеді. Спорттың 5 түрінен атап айтқанда, арқан тартыс, асық ату, бес асық, қол күрес, эстафета, 500 м, 1000 м жүгіру сайыстары өткізілді. Жарысқа кент және ауылдық округтерден 130-ға жуық ардагер қатысты. Жарыс жеңімпаздары арнайы диплом мен қаржылай сыйлықтар табысталды. Жеңімпаз командасы ауыспалы кубокпен марапатталды.

Мұнан соң қазыналы қариялар кенттегі «Иманқұл» мешітінде аруақтарға арнап құран бағыштады. Әрі қарай сапар 2015 жылы жұмысын бастаған «Өркен Әлем» ЖШС кәсіпорнында жалғасты. «Серпін» индустриалды аймағында орналасқан кәсіпорын әскери киімдер өндірумен айналысады. Бастапқыда үлкен өндіріс орны 24 адамды жұмыспен қамтыса, қазір мұнда 50-ге жуық жергілікті тұрғын жұмыс істейді. Мұндағы нәзікжандылардың барлығы арнайы оқудан өткен тәжірибелі мамандар.

Жалпы құны 38,2 млн теңгені құрайтын бұл жобаның болашағы жарқын. Себебі соңғы жылдары мұнда өндірілетін өнім түрі мен санында өсім қалыптасып отыр. «Өркен Әлем» ЖШС әскери каска өндіретін Оңтүстік Кореялық алып аппаратты іске қосты. Облыстық мәслихат депутаты Жақсылық Өзденбаев кәсіпорынды соңғы үлгідегі заманауи аппараттармен жарақтау әлі де жоспарда бар екенін айтады.

Бүгінде өліміз бойынша салаға қажетті киімдердің барлық түрін өндіретін жалғыз кәсіпорын осы «Өркен Әлем» ЖШС екенін де айта кеткен жөн. Мұнда негізінен шикізат Ресей мен Хорватиядан жеткізіледі. Серіктестік бронды кеудеше, каскадан бөлек қатты соққыға, жарышқаққа және оққа қарсы шлемнің бірнеше түрін шығарады.

Өндірісі өрге басқан «Өркен-Әлем-нің» бүгінгі шаруасы ширақ екенін көзбен көрген ел ағалары ерен еңбек пен іскерліктің үлгісін көрсетіп отырған кәсіпорын жұмысына оң бағасын берді.

Сапар барысында ардагерлер 3 Жарқынбаев атындағы №202 мектептегі қазақы нақышпен өрнектелген қараша үй бейнесіндегі музей жабдықтарымен танысты. Алғаш 2013 жылы ашылған музейдің негізін қолөнер шебері, осы мектептің ардагер ұстазы, Қазақ ССР білім беру ісінің үздігі Әбілхайыр Ералиев қалаған. Шебер ұстаздың өз қолымен жасаған домбыра, қобыз, киіз үйдің барлық жабдықтары, қазақы ұлттық киімдер, күбі, төсеніш, келі, келсап бұрынғы бабалар дәстүрінің жалғасындай болып, көздің жауын алады. Тіпті өнертапқыш қасиетті де бойға сіңірген ағамыз электрілі тербелгіш желбесікке дейін жасаған. Бір маркайғанымыз, қазақ халқының рухани мұрасынан сыр шертетін көне жәдігерлер мен қазақы бұйымдар көпшіліктің назарын аударды.

– Мұнан 10 жыл бұрын зейнетке шықтым. Алайда артымда кейінгі ұрпаққа өнеге боларлық дүние қалсын деген ниетпен өз қолыммен жасалған экспонаттарды осы жерге қойдым. Көшпелі қазақтың тұрмысындағы қараша үйдің этнографиялық жағын зерттеп, кітап та жаздым. «Туған жердің киелі ұсталары», «Әкеме аманат» атты еңбектерімде ұмыт қалған рухани дүниелерімізді қайта жаңғыртып, кейінгі ұрпаққа танытуды мақсат тұттым, – дейді шебер ұстаз. Қонақтар ұлттық құндылықтарды ұлықтап жүрген ұстазға алғысын жаудырды.

Келесі кезекте ардагерлер тобы кенттегі Қ.Құлтеңенов атындағы жүзу бассейнін көрді. Үлкендерге арналған бассейнінің ұзындығы – 25, ені 12 метр. Ал тереңдігі 1,6 метрден бастап 2 метрден асып жығылады. Балаларға арналғаны бөлек. Жеті жасқа дейін. Ұзындығы 12, ені 6 метр болатын бассейнінің тереңдігі 60 сантиметр. Суға түсуге арналған жабдықтар да жеткілікті.

Мамандардың айтуынша, бассейндегі су айына бір рет ауыстырылып тұрады. Ал заңдылығында үш не алты ай деп береді. Мұндағы су үнемі айналымда, астында орналасқан төрт фильм қондырғы арқылы ұдайы тазалайды. Судың температурасын қалыпты ұстайтын құралы бар. Балалар түсетін бассейн температурасы 32, ал ересектердікі 28 градус. Еден де жылытқышқа қосылған. Негізгі талап – келушілер тері аурулары жоқ екенін растайтын

дәрігердің рұқсатымен ғана суға түсу керек. Ішімдік пайдаланған тұрғындар мүлде кірмейді екен.

Туған өлкесін түлетуге атсалысқан жеке кәсіпкер Қайыржан Құлтеңенов ғимаратқа 400 млн теңге шамасында қаржы жұмсаған. Заманауи спорт кешенінің сапасы мен қызмет көрсетуі көңілден шығады.

Әр өңірден келген қонақтар мұнан әрі сапарларын Таң ауылында жалғастырды. Олар «Таң ЛТД» ЖШС-ның егістік алқабында орақ салу рәсіміне қатысты. Аталмыш серіктестік 3000 гектарға жуық жерге егін еккен болатын. Міне, диқандардың да өткен еңбегінің өтелер шағы келіп, Сыр салысына алғашқы орақ түсті.

«Таң ЛТД» ЖШС 2003 жылы құрылған. Ауылмен аттас серіктестік көп жылдан бері күріш өгіп келеді.

– Бүгін диқан қауым үшін ерекше күн. Өйткені жаз бойы бейнет қылып, сол еңбектің нәтижесін көрер күнге жакын қалдық. Биыл шаруашылық бойынша өгілген күріштен орташа есеппен ең гектардан 60-70 центнерден аламыз деген жоспар бар. Ал жыл сайын біздің ақталған күріш Қазақстаннан бөлек, көрші мемлекеттерге де экспортталады. Шаруашылықтың техникалық паркі 2011 жылдан бастап жаңартылды. Соңғы технологияларды пайдалана отырып, күріш сапасын арттыру жұмыстары да қолға алынған. Ал әлеуметтік жұмыстарға келер болсақ, ауыл ішіне керекті нысандар салуға шаруашылық қолдауы әрдайым жалғасын табауда, – дейді серіктестік төрағасы Имамзада Шағыртаев.

Айтсайықандай ісіне тындырымды осы елдің перзенті биыл «Облыстық Құрметті азаматы» атаныпты. Көпті көрген абыз қариялар өзінің ата мекенін гүлдендіріп, экономикасын көтеріп отырған туымды азаматқа ақ батасын беріп, қамбасы алтын дөңге толсын деген ақжарма тілектерін білдірді.

Жыын қорытындысында ардагерлер Таң ауылындағы бастауыш ардагерлер ұйымдарының іс-тәжірибесімен танысып, Таң, Аққұм ауылдарының ардагерлері дайындағын шағын концерт пен қазақы салт-дәстүрмен нәрестеге ат қою, бесікке салу секілді өзге де сахналық қойылымдарды тамашалады.

Қазақ халқының ұлттық мұрасындай ақ шаңқан киіз үйлерде келген қонақтарға сыбалы астары тартылып, көпелі сый-сияпаттар жасалды. Рухани қазынаның айнасындай болған ізгілікті шара көптің есінде қалатындай керемет өтті.

Гайһар ҚОЖАХМЕТОВА

Сыр топырағы ежелден талай тарихи дүниелерге бай өлке. Біздің аймақта көне шаһарлар, ескі ескерткіштер, елді ұйыта білген тұғырлы тұлғалар аз емес. Солардың бірі – Беркінбай Кәлпе. Өзінің ерекше қасиетімен ел-жұрттың елеулі адамына айналған абыз жан қазір де артында қалған жас жұрпаққа өнеге болып отыр.

Халық емшісі – Беркінбай Кәлпе

Жалағаш ауданына жол түсіп, Беркінбай Кәлпе бабамыздың кесенесіне арнайы ат басын бұрдық. Бұл игілікті іс облыстық «Рухани жаңғыру» орталығының қолдауымен жүзеге асырылды. Мұрат Жетпісбаев бастаған бірқатар журналистер баба рухына тағзым етіп, әулие жайында ел естімеген тың ақпараттарға қанықты. Талай жаңға жәрдем берген қалпе өмірден өтсе де жұрттың жадында әлі күнге дейін сақталып келеді. Жынмен арпалысқан адамдарға араша түсіп, сәби сүйе алмай жүрген әйелдерге дем салған. Жанып тұрған қызыл шоқтағы кетпенге тіл тигізіп, буымен емделушіні ұшықатқан десе-ді. Бұл жайында ел аузында айтылатын деректер көп. Бұл жөнінде айтылған естеліктер Ұлттық арнаның алтын қорында таспаланған.



Беркінбай Кәлпе 1909 жылы Жалағаш ауданына қарасты Ақсу ауылында дүниеге келген. Ел ішінде есімі емшілік қасиетімен танылған әулиенің арғы бабалары да бақсылықпен және батырлығымен ерекшеленген. Беркінбай әулиенің арғы бабалары Сәрке мен Байқадам да өздерінің айрықша қасиеттерімен ерекшеленген.

Халық Беркінбай әулиеге үлкен құрмет көрсетіп, пір тұтқан. Жанына дауа таппаған жандардың дертіне шипа болған әулие туралы өңімелер ел арасында желдей есіп жүр. Қай хикаясына да құлақ түрсеңіз, әулиенің ұлылығына көз жеткізесіз. Халық алғашқыда кісіні мойындамаса керек. Тіпті жүйкесі сыр берген жындыға балап, абақтыға да тоғытқан. Алайда ол кісі абақтыда тас бекітілген есіктің құлпын бұзбай бостандыққа шығып кеткен екен. Осындай жағдай 2 мәрте қайталанған. Әрдайым ағайын ортасында болған ол содан кейін абақтыға қайта тоғытылмаған. Елге көп пайдасы тиген ол ағайыннан үнемі алғыс алған. Әулиенің күдіретін мына оқиға анық аңғартса керек. 1975 жылы өңірімізде дария суы тасып, сен түскені тарих беттерінде жазулы тұр. Сол қауіпке қарсы жасаған іс-әрекеті шынында мойындауға тұрарлық. Беркінбай әулие дарияны бойлап 20 рет сүңгіп шыға бергенде сен бұзылып, дария суы өз арнасына түскен десе-ді. Расымен ғажап! Бірде Беркінбай бабамызға:

– Бүгінде атеизмді ұстанатындардың қатары көп, мешіттер де жоқтың қасы, шариғаттың заңына бағынбаймыз, имандылық азайды, мұның ақыры неге әкеліп соқтырады? – деп қойылған сұраққа:

– Заманың, балам өзгерер. Өзгергенді көз көрер. Діннің бағын ашаң, Мезгілің де кез келер.

Қырық жыл қырғын болғанмен, Алпадан күдер үзбөңдер. Ақиқаттың ақ жолың, Құраннан ғана іздендер.

Адастырмас әмөнда Имандылықтан безбөңдер. Пөңдешілікпен шайтанның Азғыруына көңбөңдер, – деп шалт жауап қайтарыпты.

Байдәулет деген бір кісінің: «Беркінбай 2 пұттай қара тасты аркалап үйге жиі соғып тұратын. Содан мәні өртіп алып, жұрт көп жиналған жерлерге барып, әлпі тасты аспанға лақтырып қолымен не жата қалып көудесімен қайта қағып алып, небір керемет өнер көрсетуші еді. Көп қабатты үйлерге әп-сәтте өрмөлеп шығып, қайта түскенде, жұрт жағасын ұстайтын...», – дейтін өңімісі де бар.

Беркінбай Кәлпе ақылдан айырылған адамдарды сегіз өрімді қамшысымен емдеген. Атағы алысқа кеткен абызды Орта Азия, Кавказ мұсылмандары ерекше құрметтеген, күдіретіне бас иген. Беркінбай Кәлпе 1977 жылы ауру айналдырып, бар жоғы 2 күн ішінде дүние салды. Қазірде «кәлпе» сөзі имандылық, тақуалық тәрбиесі тұрғысынан қаралады. Әулие өмірмен қоштасқаннан кейін, баба рухына арнайылап кесене тұрғызылған. Қасиеті қалған сол жерге дертне шипа сұрап келушілердің саны артпаса, азияған емес.

Г.АСҚАРҚЫЗЫ

Газетіміздің келесі саны 2 қыркүйек, жұма күні шағады.



Меншік иесі:

СЫР МЕДИА
жауапкершілігі
шектелуі серіктестігі

Бас директор
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

Жалағаш аудандық
“Жалағаш жаршысы” газетінің редакциясы

Бас редактор
Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Телефондар:
Бас редактор - 8(7242) 70-00-36
Бас редактор - 32-0-41
Бас редактордың орынбасары,
жауапты хатшы,
бөлімдер - 31-5-75

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрілігінің Ақпарат комитетінде 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17662-Г куәлігі берілген.
“Жалағаш жаршысы” аудандық газеті ҚР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) “Сапа менеджменті жүйесі” талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертифицирталған.
Газет әр аптаның .сейсенбі, сенбі күндері шығады.
Қолжазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды.
Жеке авторлардың пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.
Тел.: 8(7242) 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша 31-5-75 немесе 8 (7242) 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Таралымы 3075 Тапсырыс № 1441

Мекен-жайымыз: 120200, Қызылорда облысы, Жалағаш кенті, Абай көшесі №68. E-mail: zhal_jarsh@mail.ru

Кезекші редактор: Нұржамил АЛМАҚСЫЗЫ